

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТИ**



Кафедра : Комуникативтік дағдылар, психотерапия негіздері, жалпы және медициналық психология.

Тақырыбы:Қақтығысулардың пайда болу факторлары.Қақтығысулардың шешу жолдары


**Орындаған: Ержан Біржан
Факультет: Жалпы медицина
Топ: 15-027-2
Курс: 2
Тексерген: Мадалиева Санам
Хакимовна**

Алматы,2016

Конфликтология



Конфликт (лат. conflictus – қақтығыс) – екі немесе бірнеше жақтардың қарым-қатынасы барысында мақсаттары мен көзқарастарының өзара қарама-қайшылығы.



Жағымды

- Көптеген мәселердің шығуына, олардың шешілуіне көмектеседі
- Іс-әрекеттің тиімді жолдарынның пайда болуына
- Кейде ұжымның сыртқы қысымдарға бірігіп қарсылық көсетуіне себеп болады.

Кері

- Әулеметтік психологиялық климаттың нашарлауына алып келеді
- Адамның жүйке жүйесіне әсер етіп, күйзеліске ұшыртады
- Көптеген адамның тікелей жұмысындағы мідетін орындауда көңілінің бөлінуі.

Конфликт түрлері



Әлеуметтік
конфликт

Бейәлеуметтік
конфликт



Әлеуметтік конфликт субъектілері

Адамдар

біздің заманымыздан 6 – 5 ғасырларда Қытай ойшылдары “янь – инь” тіршілік дамуының негізі десе, антикалық ойшылдардың барлығы дерлік соғыстың пайда болу себептері туралы жазды. Гераклит әлем тек соғыс пен қайшылық негізінде пайда болады деп жазса, Платон соғыс – өз жолындағының барлығына қайғы әкелетін қасірет деді. Ол болашақта соғыс болмайтын “алтын дәуір” туатынына сенді. Аристотель қоғамды басқарушы және бағынушы адамдарға бөлді. Ол “әлсіздер әр уақытта теңдікке ұмтылса, басшылардың ойына бұл туралы кіріп те шықпайды” деп жазған.

Бейәлеуметтік конфликт субъектілері

Табиғат құбылыстары

Ағылшын биологы Ч.Дарвин тіршілік үшін күресті бүкіл жаратылыс бастауы деп дәлелдеуге тырысты. Тартыс мәселесі туралы батыс зерттеушілерінің бірнеше теориялық мектептері қалыптасқан

КОНФЛИКТТІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Конфликттер адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауында пайда болады, сондықтан олар адаммен бірге жасап келеді. Техникалық ғылымдардан бастап, әлеуметтік-философиялық ғылымдарда да конфликт зерттеу нысанасы болып келеді. Конфликттер сонау антикалық заманнан бері Анаксимандр, Гераклит сияқты орта ғасырдағы Фома Аквинский, қайта өрлеу дәуіріндегі Т.Мора, Э. Роттердамский, Ф. Рабле, Ф.Бэкон, жаңа ғасырда И.Кант, Г.Гегель сияқты ойшыларды қызықтырды. Тіршілік үшін әрекет механизмін қоғамға енгізе отырып, Л.Гумплович Дарвиннің табиғи таңдау идеясын дамытты. Соның негізінде социалдарвинизмнің негізін қалаушы болды. Ол әлеуметтік конфликттер табиғаты жайында келесі ойларын атап көрсетті: - конфликттер тарихи дамудың бейнесі болып табылады; - қоғамның билеушілер мен бағынушыларға бөлінуі мәңгілік құбылыс; - конфликттер қоғамның бірлігіне жәрдемдеседі. Кең ауқымда бірлестіктердің пайда болуына әсер етеді. неміс әлеуметтанушысы Георг Зиммель ғылымға “конфликт социологиясы” терминін енгізген бірінші ғалым.

- **Қақтығысулардың пайда болу факторлары**

- Әр бір дәрігер, мейірбике немесе басқа бір медицина қызметкері өз жұмыс орнындағы өзінің борыштарын біле отыра, тек науқастармен ғана емес, өздерімен өздері, яғни дәрігерлер өзара жақсы қарым—қатынаста болуы, бір—бірлерін құрмет етіп, сыйлауы керек. Әсіресе бір медициналық орталықта жұмыс істейтін дәрігерлер, мейірбикелер өзара одақтас болуы керек. Егер медицина қызметкерлері бір—бірлерін құрметтемесе, түсінуге тырыспаса олар арасында өзара келіспеушіліктер келіп шығуы мүмкін. Медициналық ұжымда қандай жағдайларда қақтығысулар келіп шығуы мүмкін? Өмірде әр нәрсе болуы мүмкін.

- Медициналық ұжым арасында дәрігер мен дәрігер, дәрігер мен мейірбике мейірбике мен мейірбикелер арасында қақтығыстар болуы кездесуі мүмкін. Бұл қақтығыстардың себептеріне тоқталатын болсақ, олар көбінесе жастық ерекшелігінен өздерінен кіші болып, бірақ лауазымы, білімі жағынан өздерінен жоғары болатындардың бір бірлеріне онша бағынғысы келмейтіндіктен, немесе өздерінікін дұрыс санап, өзінің жасынан үлкен немесе білімі жоғары болғандың сөзіне құлақ асқысы келмегендіктен, өзіне деген сенімділігі артық болғаннан болуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда дәрігер мейірбикеден жасы буршама кіші болуы мүмкін, бірақ оның білімі, мәліметі жоғары. Ал мейірбикенің жұмыс тәжірибесі көп бірақ дәрігерлік лауазымына онша лайықты емес болуы мүмкін. Осындай жағдайларда не жас дәрігер өзіне тіптен артық баға қойып өзінен жасы үлкен, жұмыс стажы көп болған мейірбикені менсінбейді, назарына алмай, құрметтемейді, не болмаса мейірбике өзінің жасы үлкендігін, жұмыс стажы көп екенін айта отыра дәрігерге өзінен төмен тұрғандай қарайды, құрметтемейді. Әлбетте мұнадй жағдайлар көп болмаса да бүгінгі күнде кездеседі.

- мұндай қақтығысулардың себебіне тоқталатын болсақ, кейбір жағдайларда бір науқас бір дәрігерге барып, онда емделіп жүріп, белгілі бір себептермен келесі жолы ол басқа дәрігерге баратын болса, екінші дәрігер алдыңғы дәрігердің айтқандары дұрыс болып шықпағанын, ол дәрігердің емі, қолданып жатқан шаралары дұрыс емес екенін білсе, осынан келіп шығуы мүмкін, мұндай жағдай көбінесе бір медициналық орталықта, бір ауруханада жұмыс істейтінкдер арасыныда кездесуі мүмкін. Кейбір жағдайларда, мейірбикелердің сауатсыздығынан, білім дәрежесі төмен болғанынан, олардың өз жұмыстарына жауапкершілігі төмен бөлып, таза жұмыс істемегндіктерінен олардың дәрігермен араларында қақтығысулар келіп шығуы мүмкін.

Әрбір кіші мейірбикеден де, аға мейірбикеден де және де дәрігердің өзінен де науқастың денсаулығына байланысты көптеген талартар талап етіледі. Яғни, әрбір медицина қызметкері күнде өз жұмысына өз уақытында келуі, науқасын айтқан уақытында қабылдауға тырысуы, өзара сұхбаттар жүргізіп отыруы керек. Мысалы айтатын болсақ, медициналық ұжым, яғни медицина қызметкерлерінің өздері де өзара сұхбат жүргізіп отыруы керек деп ойлаймын. Тағыда медицина қызметкерлері өзара бір бірлерінің науқастарын таласып та келіспей қалуы мүмкін, немесе олар науқастың емін көрсетуде, науқасқа диагноз қоюда келіспей қалуы мүмкін. Демек, медициналық ұжымда көптеген қақтығысулардың пайда болуы мүмкін.

■ Қақтығысуларды шешу жолдары

Жоғарыда айтып өткендей, медициналық ұжымда көптеген қақтығысулар кездесуі мүмкін. Бұл қақтығысулар өзінен өзі ең алдымен науқастарға кері әсер көрсетуі, оларға зиян келтіруі мүмкін, және де сонымен бірге олардың жұмыс орындарына зиян келтіруі мүмкін. Бұл ең алдымен адамгершіліктің болмағаны. Мейірбике де, дәрігерде өзінің дәрігерлік борышын орындауы керек. Егер олар арасында өзара қақтығыстар, келіспеушіліктер бар болса, оларға келген науқастар бұл жағдайдан қорқып кетуі, екінші рет бұл дәрігерге, тіпті бұл ауруханаға да келмеуі мүмкін.

Сондықтан әр қашан мұндай жағдайларды алдын алу керек. Бұл келіспеушіліктерді шешу жолдары қандай болуы мүмкін? Бұл ең алдымен медицина қызметкерлерінен адамгершілікті, ұқыпты, мәдениетті болуды, өзіні де, өзінен басқаларды да құрметтей білуді талап етеді. Менің ойымша, медицина орталықтарында медициналық ұжым арасында өзара кеңестер өткізіліп тұруы керек. Әр бір дәрігер өзінің қолында жұмыс істейтін мейірбикелерге өз сөзін өтізе білуі, өзін құрмет етуді талап ете білуі керек, әріне шекарадан аспаған түрде. Медицина қызметкерлерінің арасында келіп шығатын қақтығыстардың тағы бір себебі олардың ой пікірлерінің бір жерден келіп шықпауы, үйлесімді болмағаны, одақтас болмағаны.

Қорытынды ретінде айтатын болсақ

Әрбір медицина қызметкері, медициналық ұжым мүшелері әр қашанда бір бірлерін құрмет етулері керек, өйткені дәрігерді тек қана дәрігер жақсы түсінеді. Олардың өзара одақтастығы, өзара ынтымақтастығы науқастың да тез жазылып кетуіне себеп болуы мүмкін.



Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!!!!

